

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
06.11.2019 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 06.11.2019 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Мусин Қанат Сергейұлына беріледі.

**МУСИН Қ.С.** Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Аталған заң жобасы әкімшілік заңнаманы жетілдіруге, әкімшілік жауаптылықты ізгілендіруге, мемлекеттік органдар мен сот билігінің өкілеттіктерінің аражігін ажыратуға бағытталған.

Атап айтқанда, депутаттар тарапынан жекелеген құқық бұзушылықтар қысқартылып, кодекстен алынып тасталды. Өйткені мұндай даулар сотта азаматтық талап қою тәртібімен, азаматтарды әкімшілік жауаптылыққа тартпай шешілуі мүмкін.

Бірақатар құқық бұзушылықтар бойынша айыппұл санкцияларының мөлшері төмендетілді, сондай-ақ қолданыстағы әкімшілік жазалар әлдеқайда жеңіл жазаларға ауыстырылды.

Сонымен қатар депутаттардың ұсынысы бойынша жол жүрісі саласындағы жекелеген бұзушылықтар үшін айыппұл санкциялары ұлғайтылды. Айталық, жүргізуші құқығынан айырылған адамға көлік құралын жүргізгені үшін 50 айлық есептік көрсеткішке айыппұл салынады. Қазір мұндай айыппұл 10 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Сондай-ақ осындай тәртіп бұзушылықты қайталап жасағаны үшін айыппұл 20-дан 70 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды.

Бұл түзету қазақстандықтардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданды.

37 құқық бұзушылық анықталды, ондай құқық бұзушылық жасағаны үшін уәкілетті мемлекеттік орган сотқа жүгінбестен тікелей кәсіпорынның қызметін немесе қызмет түріне лицензияны тоқтата тұруы мүмкін.

Бұл түзету ең көп талқыланған түзетудің бірі болғанын атап өтемін.

Депутаттарды бақылаушылар тарапынан орын алуы мүмкін сыбайлас жемқорлық белгілері мен кәсіпкерлерде туындауы мүмкін тәуекелдер алаңдатады. Сайып келгенде, біз жекелеген өкілеттіктерді соттардан мемлекеттік органдарға беру, бірінші кезекте, олардың өздерін тәртіпке келтіру үшін қажет деген шешімге келдік. Өйткені қазір жобасы бойынша Мәжілісте жұмыс жүргізіліп жатқан жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте азаматтар шағым берген жағдайда, мемлекеттік орган сотта өз әрекеттерінің заңдылығын дәлелдеуге міндетті. Олай болмаған жағдайда мемлекеттік органның актісі жойылады, ал кінәлілер жауапқа тартылады.

Сонымен қатар депутаттар кәсіпкерлердің мүдделерін сақтандыру тетіктерін қарастырды. Мысалы, тексерушінің іс-әрекетінің заңдылығына күмән келтірген жағдайда істі мемлекеттік орган емес, сот қарауын талап етуге болады, сонда материалдар судьяға беріледі.

Жұмыс тобымен орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен әртүрлі деңгейдегі бюджеттік бағдарламалар басшыларының бюджет қаражатын мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жауаптылығын белгілеу туралы түзету қабылданды.

Бюджет ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін кінәлі адамдарға мемлекеттік қызметшілер үшін осыдан туындайтын салдармен айыппұл салынатын болады.

Депутаттардың ұсынысы бойынша болашақта әкімшілік заңнаманы өзгертуге неғұрлым жүйелі түрде қарау және оны қолданудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету мақсатында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тек қана әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске қатысты арнайы заңдармен жүзеге асырылатын болады деп көздейтін норма қабылданды.

Оңалту және банкроттық, туристік қызмет, микроқаржылық ұйымдар, жарнама туралы заңнама талаптарының бұзылуына және өзге де бұзушылықтарға қатысты заң жобасының бірқатар нормалары басқа заңмен қабылдануына немесе тиісті заң жобасында қаралып жатқанына байланысты заң жобасынан алынып тасталды.

Бұдан басқа:

әкімшілік құқықтық бұзушылықтардың құрамдарын нақтылауға;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді жүргізуді электрондық форматқа кезең-кезеңімен ауыстыруға;

құқықтық олқылықтарды жоюға, заң жобасының нормаларын бір-біріне және басқа да заңнамалық актілерге сәйкес келтіруге қатысты нақтылау сипатындағы түзетулер енгізілді.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындысын берді.

Қорытынды салыстырма кесте 106 позициядан тұрады. Барлығы қабылданды. Қабылданбаған позиция жоқ.

Жұмыс тобының отыздан астам отырысы өтті, оған заң жобасын әзірлеушілер, басқа да мемлекеттік органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жұмыс тобының мүшесі болған барлық әріптестеріме, заң жобасымен жұмыс істеген кезде белсенді түрде қатысқан басқа да депутаттарға алғысымды білдіремін.

Айтылғанның негізінде комитет заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қанат Сергейұлы.

Жұмыс тобына, Сізге, біздің барлық әріптестерімізге, Үкіметке, Әділет министрлігіне, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің, Қаржы және бюджет комитетінің мүшелеріне зор алғысымызды білдіреміз.

Непросто шел закон. Когда законопроект сюда зашел базово, он дополнялся многими поправками, которые затронули и сферу финансовых и бюджетных взаимоотношений, и сферу персональной ответственности государственных служащих.

Я хочу поблагодарить рабочую группу, Канат Сергеевич, Вас лично и Министерство юстиции, Наталью Виссарионовну. Хочу поблагодарить Вас, Гульжана Джанпеисовна, Ваш комитет, Нурлан Мажитович, и тех людей, которые очень оперативно, быстро, совместно с нашими коллегами из Правительства смогли наполнить содержательную часть, чтобы все те вопросы, которые обсуждались в рабочей группе, обрели свою норму в законопроекте.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті. Оны жаңа ғана Қанат Сергейұлы бізге жеткізді. Ол ұсыныс – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа пікірлеріңіз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 105, «жақтағандар» – 105. Қаулы қабылданды.



*Құжаттамамен қамтамасыз  
болмайтын сектор меңгерушісі  
Мамат Н. Шайтмұстафин*